

## Театр әртістерімен кездесу

2013 жылғы 9 қарашада Оқушылар сарайындағы «Жастар» театрында Бердібек Соқпақбаевтың повестінен алынған «... **Көзіме бір көрінсең бала ғашық ...**» атты сахналық қойылымына С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің техникалық факультетінің «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша оқитын 104 топ студенттері және топ кураторы, профессор Қалқабаева Сейсенкүл Ахметқызымен тамашалауға барды. Аталған қойылым барлық студенттердің көңілінен шықты. Себебі, қойылым жоғары деңгейде ұйымдастырылып, актерлардың шеберліктері қойылымды шынайы түрде көруге мүмкіндік берді. Қойылымнан соң куратор, профессор Қалқабаева Сейсенкүл Ахметқызының ұйымдастыруымен студенттер бұл сахналық қойылымның режиссері Нұрканат Жақыпбаймен кездесіп, әңгімелесіп, өз ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, белгілі актер Әділ Ахметовпен кездесті. Ол студенттерге өзінің аспан елінде болған, яғни Қытайдағы **«Қазақстан мәдениетінің 10 күндігіндегі»** сапары туралы ой бөлісті. Содан соң студенттер өнер иелерімен фотосуретке түсіп, қолтаңбаларын алды. Бұл кездесу студенттер үшін ерекше әсер қалдырды.



